

**«Жалтыр №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша
желтоқсан айы бойынша мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес
атқарылған іс-шаралар анықтамасы**

Желтоқсан айында жүргізілген бақылау-жұмыстарының қорытындысы бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

Мектепте нормативтік құжаттардың орындалуын, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын, білім алушылардың білім деңгейін, педагогтердің әдістемелік дайындығын және тәрбие жұмыстарының тиімділігін бақыланды.

I. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау

Желтоқсан айында бағдарламалардың орындалуы туралы ӘБЖ Шяхметова Г.Т., Халанская Е.Р., Азимова Г.Е., Есмағанбет Қ.Қ., Миннуллина А.Ф., бақылап анықтамаларын жазып тапсырды. Мектептің кіріс бұйрықтарының орындалуы жүйелі түрде тексеріледі. Аудандық ББ бұйрықтарын орындалуын әкімшілік үнемі бақылауда ұстайды.

Желтоқсан айында пән мұғалімдерінің оқу бағдарламаларының орындалуына ішкі бақылау жүргізілді. Бақылау барысында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспарлары және электрондық журнал жазбалары зерделенді. Тексеру нәтижесінде пән мұғалімдерінің оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкес жүргізілетіні анықталды. Оқу материалдары жоспарға сай қамтылған, оқу жүктемесі сақталған, білім алушылардың оқу жетістіктері жүйелі бағалануда.

Электрондық журналдар («Білім класс») уақтылы толтырылуы жайлы директордың оқу ісі бойынша орынбасары Томкова Н.Э. күнделікті мониторинг жүргізеді. Қандай да ескертулерді мұғалімдер дер кезінде орындап, дұрыстап отырылады.

Биылғы оқу жылындағы «Алтын белгі», үздік аттестат үміткерлерінің құжаттары директордың оқу ісі бойынша орынбасары Махметова М.Б. тексеріп, талаптарға сәйкестігі зерделеніп ауданға тапсыруға дайындалды.

II. Оқу үдерісінің сапасын бақылау

2-тоқсан бойынша ТЖБ-ны өткізу ұйымдастырылып, білім сапасына талдау жасалды. Әкімшілік тарапынан әр тоқсан сайын БЖБ және ТЖБ нәтижелері талдау және талқылау өткізіледі.

7-сынып оқушыларының жалпысыныптық бақылауы мақсатында оқудағы жай күйі анықтау.

Бақылау барысында келесі жұмыстар атқарылды:

- Оқу ісі орынбасары жанындағы кеңесте жалпысыныптық бақылау жүргізілетіні хабарланып, жұмысты ұйымдастыру бойынша нұсқау берілді;
- Сабақтарға қатысылып талдалды.;
- I ж/ж бойынша білім сапасы мен үлгерімі бойынша мониторинг жасалды;
- Мектеп психологы тарапынан оқушылардың оқу мотивация деңгейін зерттеуі жүргізілді.

Желтоқсан айында 2–11 сыныптар бойынша жиынтық бағалау жұмыстарына қатысты талдау жүргізілді.

Талдау барысында жиынтық бағалау нәтижелері қаралып,

критериалды бағалау талаптарының сақталуына шолу жасалды.

Жиынтық жұмыстарға модерация өткізілмегені анықталды. Барлық ӘБЖ – не келесі кезеңде пән мұғалімдерінің қатысуымен жиынтық жұмыстарға модерация жүргізу, бағалау критерийлерінің дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету және нәтижелерді бақылау тапсырылды.

ЖМЦ пәндері бойынша сабақтарға қатысу барысында PISA тапсырмаларын қолдану деңгейі бақыланды. Бақылау нәтижесінде кейбір сабақтарда тапсырмалардың қолданылуы тиімді екені, ал кейбір сабақтарда PISA тапсырмалары толық қолданылмағаны анықталды. Педагогтерді директордың жанындағы кеңес отырысында анықтамамен таныстыру барысында барлық пән мұғалімдеріне сабақтарда PISA тапсырмаларын жүйелі пайдалану, тапсырмалардың оқу мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету және тәжірибелік әдістерді жетілдіру тапсырылды.

III. Білім олқылықтарын толықтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс

Мектепте қысқы каникул кезіндегі қосымша оқыту жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Түлектердің «ҰБТ–2026» сынақтарына дайындығы тексеріліп, пән мұғалімдері кеңес сабақтарында диагностикалық тест нәтижелері талдады. Бақылау барысында дайындық деңгейінде кейбір пәндер бойынша олқылықтар анықталды. Тандау пәндерінен мұғалімдерге Оспанова С.К., Тынхан Н., Дюсебеков Қ.С., Имбергенева Д.М., жүйелі жұмыстарды жүргізу туралы ескертілді. 11 сыныптармен қосымша дайындық сағаттарын ұйымдастыру, пән мұғалімдерімен индивидуалды жұмыстар жүргізу және тест нәтижелерін жүйелі түрде талдау арқылы дайындық сапасын арттыру тапсырылды.

IV. Оқу-зерттеу қызметін бақылау

Желтоқсан айында 9–11 сынып оқушыларының аудандық олимпиада қорытындылары қаралды. Пән апталықтарының өткізілу сапасы талданып, педагогтердің белсенділігі анықталды. Бақылау нәтижесінде оқушылардың дарынды және мотивациясы жоғары екені расталды, кейбір пәндер бойынша өткізілген іс-шаралардың сапасын арттыру қажет екені байқалды.

Жалпы қатысқан оқушылар саны - **81**. Оның ішінде 5–6 сыныптарда: **24 оқушы**, 7–8 сыныптарда: **31 оқушы**, 9–11 сыныптарда: **26 оқушы**. **Жеңіске жеткен оқушылар саны: 50 оқушы.**

9-11 сынып оқушыларының ішінде аудандық кезеңге қатысқандар; Беисов С., Жубикен А., Хамхоев А., Балтабек Ж., Тюлекеев Ч, Нәзірхан Л., Хамхоева Р., Симбаев М., Баяльская А., Кусаинова А., Жүніс Д. Осы оқушылардың ішінен облысқа өткен 2 оқушы, 3 орын иелеген.

Пән мұғалімдеріне пән апталықтарын өткізу барысында іс-шаралар сапасын жоғарылату, олимпиадаға қатысушыларды жүйелі түрде дайындау және педагогтердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру тапсырылды.

V. Мұғалімдердің әдістемелік дайындығы

Желтоқсан айында сабақтарға өзара қатысу ұйымдастырылып, жас және жаңадан келген мамандардың педагогикалық қызметі зерделенді. Бақылау нәтижесінде жас мамандардың сабақтарына қатысу барысында

педагогикалық дағдылардың қалыптасуы, сабақ жүргізу әдістерінің қолданылуы және оқу материалын жеткізу деңгейі анықталды.

Биылғы оқу жылында «Үздік цифрлық білім беру контенті» байқауының аудандық кезеңінде Әзи К.Ш. I орынды иеленді. «Жаңашыл ұстаз-2025» байқауының аудандық кезеңінде ағылшын тілі пәні мұғалімі Итемген Д.А. I орынды иеленді. «Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің одағы: үздік тәжірибе» байқауының аудандық кезеңінде Габдуллина Н.А. – III орынды иеленді.

Тәжірибелі педагогтарға және жаңадан келген мамандарға тәлімгерлік және әдістемелік қолдау көрсету, сабақтарға қатысу арқылы тәжірибе алмасуды жалғастыру және педагогикалық шеберлікті жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу тапсырылды.

№	Жас маман ТАӘ	Пәні	Тәлімгер ТАӘ	Пәні	Жұмыс өтілі	Санаты
1	Итемген Д.А.	Ағылшын тілі	Баймагамбетова Ж.А.	қазақ тілі мен әдебиеті	10ж	педагог-сарапшы
2	Әзи К.Ш.	Физика	Абишева Ф.Т.	биология, химия	26ж	педагог-зерттеуші
3	Дакенов С.Р.	Дене шынықтыру	Баймагамбетова Ж.А.	қазақ тілі мен әдебиеті	10ж	педагог-сарапшы
4	Оспанов Ж.К	АӘЖТД	Абишева Ф.Т.	биология, химия	26ж	педагог-зерттеуші
5	Шахманова К.А.	Даярлық тобының тәрбиешісі	Найманбаева А.А.	Бастауыш сынып	17 ж	педагог-зерттеуші
6	Габдуллина Н.А.	Даярлық тобының тәрбиешісі	Каратовская Л.Н.	Бастауыш сынып	16 ж	педагог-сарапшы

Тәлімгерлер тарапынан төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, қысқа мерзімді жоспарды 130 бұйрыққа сәйкес дұрыс құру;
2. Бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын әзірлеу, талдау жасау;
3. Электронды журналды (білімкласс) толтыру, есептердің электрондық нұсқасын алу;
4. Мотивациясы жоғары балалармен жұмыс, диагностика жүргізу, олимпиадаларға дайындық жүргізу;
5. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, дайындық сабақтарын ұйымдастыру;
6. Ата-аналармен жұмыс, оқушыларға кері байланыс жасау, жетістіктер мен кемшіліктерді талқылау бойынша көмек көрсетілді.

Атқарылған жұмыстың нәтижесінде жас мамандар сабақ жоспарын тиімді құрып, қалыптастырушы бағалау және кері байланыс әдістерін қолдануды үйренді. Сабақ барысында сандық платформаларды қолданып, оқушылардың оқу мотивациясын көтерді.


VI. Тәрбие жұмысының сапасын бақылау

Желтоқсан айында оқушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие беру жұмысының сапасы анықталды. Сынып сағаттарының өтілу деңгейі, олардың бекітілген жоспарға сәйкестігі, сондай-ақ сынып көшбасшыларының сынып сағаттарын ұйымдастырудағы белсенділігі мен жауапкершілік деңгейі бақылауға алынды. Жолда жүру ережелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың жағдайы талданды. Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру жұмысының сапасы зерделенді. Құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан іс-шаралардың орындалу деңгейі қарастырылды.


ҚОРЫТЫНДЫ: Желтоқсан айындағы мектепшілік бақылау жоспары толық көлемде орындалды. Бақылау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар беріліп, қайта бақылауға алынды.

- елеулі кемшіліктер анықталған жоқ, кейбір пәндер бойынша құжаттарды рәсімдеуде түзету жұмыстары ұсынылды.
- оқушылардың білім сапасы қанағаттанарлық деңгейде, кейбір сыныптарда білім олқылықтарын жою бойынша қосымша жұмыс қажеттілігі анықталды.
- түлектермен мақсатты жұмыс жүргізілуде, пән мұғалімдеріне дайындықты күшейту жөнінде ұсыныстар берілді.
- дарынды, мотивациясы жоғары оқушыларды қолдау жұмыстары жалғасуда.
- жас мамандарға тәлімгерлік жұмысты жүйелеу ұсынылды. Оларға әдістемелік қолдау көрсетілуде.
- тәрбие жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту ұсынылды.

Зам.директора по УР


 Махметова М.Б.


Зам.директора по НМР


 Томкова Н.Э.

Зам.директора по ВР

 Абишева Ф.Т.

 Баймагамбетова Ж.А.

 Найманбаева А.А.

 Абильдин А.Ж.